

Кімге: Қазақстан Республикасының Денсаулық министрілігі
Автордың аты-жөні мен лауазымы: Елтайқызы Назерке, Шиелі аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы
Орындаған күні: 24.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Адам папиллома вирусын бірге жою.

Кілт сөздер: Адам папиллома вирусы, жатыр мойны обыры, вакцинация, скрининг.


Кіріспе: Адам папиллома вирусы (АПВ) – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Көптеген адамдарды АПВ алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің дамуы адам папиллома вирусын жұқтырумен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша 95%-дан астам жағдайда жатыр мойны обырын (ЖМО) адам папилломавирусы (АПВ) тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы АПВ-ның екі түрлі вирус штаммдарынан туындайды.

Жатыр мойны обыры – әйелдерде жиі кездесетін қатерлі ісіктердің бірі, ол барлық ісіктердің 5%-дан астамын құрайды және 5-ші орында. Ол 40-60 жас аралығындағы әйелдерде жиі кездеседі, бірақ соңғы жылдары жасару үрдісі байқалады және 20-30 жас аралығындағы әйелдерде кездеседі.


Адам папиллома вирусы әйелдерге өте қауіпті. Кейінгі бес жылда Қазақстанда 2 948 әйел жатыр мойны обырынан көз жұмған. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған статистикаға сүйенсек, бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып барады. Кейінгі бес жылда 148 әйел вульва мен қынап рагынан қайтыс болған.

Адам папиллома вирусының онкогенді түрлері ерлерге де зиян. 2018-2022 жылдары жыныс мүшесі мен ануостағы рактан 95 ер адам көз жұмған. Кейінгі бес жылда тіл, ауыз қуысы мен тамақ-өңеш рагынан мың науқас өлген.



Жмо сырқаттанушылық және өлім-жітім көрсеткіштері 2004-2022 жж.

Негізгі бөлім: Қазақстанда жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр.



Қазақстанда 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломавирусына (АПВ) қарсы Вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді, вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды, себебі тұрақты иммунитет қалыптасады.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді (соның ішінде Австралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ). Орталық Азия елдері бойынша, көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан АПВ қарсы вакцинацияны енгізген.

Ең тиімді қорғану әдісі - вакцинация. Вакцинамен қорғануға болатын - жалғыз қатерлі ісік түрі – бұл жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

Жатыр мойны обырының белгілері әр түрлі және әр әйел оның ерте белгілерін бөлінділердің пайда болуынан білуі керек, олар әдетте сулы, қоңырлау түсті, жағымсыз иісті болады. Етеккір циклімен байланысты емес қан кетулер, жанаспалы қан кетулер, жыныстық қатынас кезінде ауырсыну. Мұндай белгілер ісік үлкен мөлшерге дейін өсіп, біртіндеп ыдырай бастағанда пайда болады.

Кеш байқалатын белгілер: іштің төменгі бөлігінің тартылуы, бел мен сегіз көз, тік ішек аймағында пайда болатын ауырсыну, жиі зәр шығару.

Емханаға әр түрлі себептермен барған әрбір әйел жатыр мойнынан жағынды алынатын және жатыр мойны обырын ерте кезеңде анықтау мүмкіндігі бар әйелдерді қарау кабинетінде тексеруден өтуі керек екенін есте ұстаған жөн.

Ауру белгілері байқалмайды. Яғни адам өзіне вирус жұққанын білмеуі де мүмкін. Вирус зертханалық сараптама көмегімен анықталады. Бұл ауру коронавирус не тұмау сияқты байқалмайды. Адамның иммун жүйесі антидене түзеді, 1,5-2 жылда ағза вирусты жеңіп шығады. Бірақ адам папиллома вирусының кей штамдарына иммун жүйесінің шамасы жетпейді. Қатерлі ісікке айналмай тұрып, вирус көп жыл бойы жасушада өмір сүре беруі мүмкін. Ұзақтығы иммун жүйесіне байланысты.

Ғылыми тұрғыда дәлелденген жалғыз жолы – вакцина салғызу. Екпе вирус салдарынан туған қатерлі ісіктен немесе басқа да аурулардан емдемейді. Кез келген вакцина сияқты бұл да – алдын алу шарасы. Балаларға бірінші жыныстық серігі пайда болғанша, 11-13 жасқа дейін салады. Жыныстық серігіңіз көп болған сайын, адам папиллома вирусын жұқтыру ықтималдығы арта береді.


Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, вакцина өндірушілер мынадай кері әсерлер болуы мүмкін деп көрсетеді: бас ауыруы, дене қызуының көтерілуі, қызару, ісіну, екпе салған жердің ауыруы. Сирек кездесетін жағдайлар: бас айналуы, жүрек айнуы, аяқ-қолдың ауыруы, екпе салған жерге қан ұйып, көгеріп қалуы және ілуде бір бронхоспазм болады.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцинация мақсатты топқа жататын 11 жастағы қыздарға тегін болады. Министрлік бұл бағдарламаға 12,13ж. қыздардың қатысу мүмкіндігі туралы ақпарат берілді. Вакцинация ерікті түрде ата-анасының немесе қамқоршысының жазбаша келісімі арқылы жүреді.

4валентті Гардасил (6,11,16,18 штамды) Мерк Шарп и Доум ЛЛС Өндіруші, АҚШ, бұлшықет ішіне енгізуге арналған шприц доза 0,5мл

Атырау, Алматы, Астана, Павлодар облысында 3 мыңнан астам адамға вакцина салынды. 2021 жылдың аяғында онкология институты зерттеу жүргізді, оған 2013 жылы екпе алған қыздар қатысты. Қазір олар – жас әйелдер, кейбірінің үш баласы бар. Зерттеуге қатысуға келіскендердің жатыр мойнынан сынама алынды. Мамандар оның нәтижесін дәл осы жастағы, екпе алмаған әйелдің сынамасымен салыстырған. Вакцина алған 100 және екпе салдырмаған тағы сонша әйелдің қатысуымен өткен зерттеудің нәтижесі былай болды: вакцинациядан өткен әйелдердің 99 пайызының жатыр мойнынан еш өзгеріс байқалмаған. Екпе салдырмаған әйелдердің 40 пайызы дисплазия (тіндер құрылымының өзгеруі – *ред.*) табылған. Бұл әйелдер қауіп-қатер тобына жатады.

Вакцина вирустан 8-10 жылға қорғайды. Екпе салдырған адамның өзі жылына бір рет гинекологқа қаралып тұруы керек. Өр төрт жыл сайын скринингіден өту қажет.



Халықаралық тәжірибе: ҚР денсаулық сақтау министрлігі Австралия, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия тәжірибесіне сүйеніп отыр. Ведомствоның дерегінше, Австралия – 2007 жылы адам папиллома вирусына қарсы екпе енгізген алғашқы мемлекеттердің бірі. Бағдарлама нәтижесінде 18-24 жас аралығындағы австралиялық әйелдердің адам папиллома вирусын жұқтыруы 22 есе (22,7% пайыздан 1,5% пайызға дейін) азайған.

Жатыр мойны обырымен ауыру 50 пайыз кеміген. 2035 жылға қарай жатыр мойны обырынан болатын өлім-жітім деңгейі 100 мың әйелге шаққанда 1-ге жетпеуі керек деген болжам жасалған.

Қорытынды: Жоғарыда көрсетілген ақпараттарға сүйене отырып, АПВ-ға қарсы вакцинация – әйел адамдарды жатыр мойны обырынан қорғау болып табылады. Қыз балаларды вакцинациялау жатыр мойны обырының алдын алуда тиімді ұжымдық иммунитетін қамтамасыз етеді.

2020 жылы ДДҰ 2050 жылға қарай жатыр мойны обырын жоюдың жаһандық стратегиясын қаржыландырды.


Стратегияның негізгі моменттері : (1) Вакцинация, (2) Скрининг, (3) жатыр мойнының ісік алды жағдайларын емдеу

Вакцинация/ЖМО алғашқы профилактикасы- Қыздардың 90% 15 жасқа дейін вакцинациялануы керек (3 вакцины);

ЖМО екінші сатыдағы алдын алуы ;Скрининг - Әйелдердің 70% жоғары тиімді әдістерді пайдалана отырып, скринингтен өтуі керек;

Жатыр мойнының қатерлі ісікке дейінгі анықталған зақымдануларының 90% емдеу.

Қорытындылай келе, Адам папиллома вирусы бойынша келесідей **SWOT** талдау жүргізуге болады:



Ұсыныстар: Осылайша, жоғарыда көрсетілген тармақтарды ескере отырып, Адам папиллома вирусы бойынша келесідей ұсыныстар ұсынылады:

1. Адам папиллома вирусының қауіптілігі бойынша әлеуметтік желілерге, арнайы телеканалдардан, радиолардан және т.б. ақпараттарды кеңінен жариялау;
2. 11-13 жастағы қыздардың ата-аналарына вакцинацияның маңыздылығы туралы түсіндіру;
3. Мамандандырылған емді дамыту:

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-vaccination-of-girls-against-human-papillomavirus/32343013.html>
2. ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің фейсбук парақшасы
3. Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мәліметі.